

2016 жылға Успен ауданының ұйымдарында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 05 шілдедегі № 121/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 шілдеде № 5180 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 172/9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 19.09.2016 № 172/9 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының б) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мүгедектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету мақсатында Успен ауданының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған Успен ауданының ұйымдарында ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысандарына қарамастан мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстар орнынан, зиянды, қауіпті еңбек жағдайларынан басқа жұмыс орындар квотасы аудандағы жұмыс орындардың жалпы санының үш пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы мәселелерге жетекшілік ететін Успен ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Демеуов